3. Қағида «Қазақтелеком» АҚ мүдделер қақтығысын реттеу саясатының қағидаттарына сәйкес инсайдерлік ақпаратқа иелік ету, пайдалану, ашу, инсайдерлер үшін белгіленген шектеулер тәртібін, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану жауапкершілігін белгілеуге бағытталған.

**2 Қағидада пайдаланылатын негізгі анықтамалар,
терминдер мен қысқартулар**

4. Осы Қағидада мынадай анықтамалар, терминдер мен қысқартулар пайдаланылады:

1) Қоғам – «Қазақтелеком» АҚ;

2) инсайдерлік ақпарат – бағалы қағаздар (туынды қаржылық құралдар), олармен мәмілелер туралы, сондай-ақ коммерциялық құпия болып табылатын жүзеге асыратын қызметінің бағалы қағаздарын шығарған (ұсынған) эмитент туралы, сондай-ақ ақпаратты ашу бағалы қағаздардың (туынды қаржылық құралдар) құнының өзгеруіне және олардың эмитентінің қызметіне әсер етуі мүмкін үшінші тұлғаларға белгісіз басқа да ақпарат;

3) инсайдер – инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар тұлға;

4) Қоғам инсайдерлерінің тізімі – Қоғамның инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар тұлғалар тізімі;

5) Қоғамдағы мүдделер қақтығысы – Қоғамның лауазымды тұлғасының немесе қызметкерінің жеке мүддесі өз лауазымдық міндеттері немесе функцияларын мүлтіксіз орындауға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін болатын оның қызметтік міндеттері мен жеке мүдделері арасындағы қақтығыс;

б) «тыйым кезеңі» – «blackout period», Қоғамның инсайдерлеріне Қоғамның Директорлар кеңесінің алдын ала келісімімен жасалатын мәмілелерді қоспағанда Қоғамның бағалы қағаздарымен мәмілелер жасауға тыйым салынатын кезең;

7) жауапты бөлімше – жүктелген міндеттерге сәйкес Қоғамның инсайдерлерімен өзара іс-қимыл жасайтын және/немесе осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес қызметкерлері Қоғамның инсайдерлеріне жататын Қоғамның Орталық аппаратының құрылымдық бөлімшесі;

8) БЕЕД – Бухгалтерлік есеп және есеп беру департаменті;

9) ХКД – Халықаралық келісімдер департаменті;

10) ЖҚД – Жобалық қаржыландыру департаменті;

11) ЖҚСДД – Желіні және қызметтерді стратегиялық дамыту департаменті;

12) БОҚД – Байланыс операторларымен келісім департаменті;

13) ТД – Тариф департаменті;

14) ТЖТҚД – Телекоммуникация желілерін техникалық қолдау департаменті;

15) ҚБДД – Қызметкерлерді басқару және дамыту департаменті;

16) ПД – Пайдалану департаменті;

17) ИЖҚҚ – Инфокоммуникациялық жүйелерді дамыту қызметі;

18) КБҚ – Корпоративтік басқару қызметі;

19) СДҚ – Стратегиялық даму қызметі;

20) САБҚ – Сыртқы активтерді басқару қызметі;

21) ЖМБАҚ – Жылжымайтын мүлікті басқару және аутсорсинг қызметі;

22) ҚД – Қаржы департаменті;

23) ЭД – Экономика департаменті;

24) ЗД – Заң департаменті;

25) Қаржы нарығын бағалау комитеті – Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі қаржылық ұйымдарды және қаржы нарығын бақылау және қадағалау комитеті;

26) ҚЕД – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийі;

27) Қор биржасы – «Қазақстан қор биржасы» АҚ;

28) БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары (баспа басылымдары/және немесе веб-сайттар);

29) ТАӘ – тегі, аты, әкесінің аты.

3 Қоғамның инсайдерлік ақпараты

5. Қоғамның инсайдерлік ақпаратына (белгіленген тәртіпте ашқанға дейін) мыналар жатады:

1) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес акционерлердің назарына жеткізілуі тиіс Қоғамның бағалы қағаздары туралы, олармен мәмілелер туралы және Қоғамның акционерлеріне дивидендтер төлеу туралы мәліметі бар мәселелер тізбесі бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің қабылдаған шешімдері;

2) Қоғам органдары құрамының өзгеруі;

3) Қоғамның дауыс беретін акцияларының (үлесінің) он және одан артық пайызына ие акционерлер (қатысушылар) құрамының өзгеруі;

4) Қоғамның акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және Қаржы нарығын бақылау комитетінің Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерді, Қоғамның бағалы қағаздарды өтеу қорытындылары туралы есептерді бекітуі, Қоғамның бағалы қағаздарын Қаржы нарығын бақылау комитетінің жоюы;

5) Мәміле мәні болып табылатын мүлік құны Қоғамның активтерінің бес немесе одан артық пайызын құрайтын Қоғамның ірі мәмілелерді немесе жасалуында Қоғамның мүддесі бар мәмілелерді жасауы;

6) сомасы Қоғам активтерінің он және одан артық пайыз мөлшерін құрайтын Қоғам мүлкін кепілге (қайтара кепілге) беру;

7) Қоғамның жеке капиталының мөлшерінен жиырма бес немесе одан артық пайызын құрайтын мөлшерде Қоғамның заем алуы;

8) қандай да бір қызметпен айналысуға лицензиялар алуы, қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға ілгеріде алынған лицензиялардың қолданысын уақытша тоқтату немесе тоқтату;

9) Қоғамның заңды тұлғаны құруға қатысуы /оның қызметіне қатысуды тоқтауы;

10) Қоғам әрқайсысының акцияларының он және одан артық пайызына (үлесіне, пайына) ие ұйымдардың тізіміндегі өзгерістер;

11) Қоғам мүлкіне тыйым салу;

12) төтенше сипатқа ие жағдайлардың салдарынан баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан артық пайызын құраған Қоғам мүлкінің жойылу жағдаяттарының орын алуы;

13) Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

14) сотта корпоративтік дауды шешуі ісінің қозғалуы;

15) Қоғамды, оның еншілес ұйымдарын және тәуелді акционерлік қоғамдарын қайта ұйымдастыру немесе тарату;

16) Қоғамды мәжбүрлі түрде қайта ұйымдастыру туралы шешім;

17) мемлекеттік емес акцияларды шығару проспектісінде көзделген шарттарды Қоғамның сақтамауы туралы, Қоғам жіберген дефолт туралы ақпарат;

18) қаржылық есептілік;

19) Қоғамның стратегиялық даму бағыттары;

20) перспективалы жобалар туралы мәлімет;

21) табиғи монополиялар саласының қызметтерін қоспағанда, қызметтер тарифтерінің құрылымы, есептеу әдістемесі туралы мәлімет;

22) «Қазақтелеком» АҚ Даму жоспары;

23) байланыс операторларымен жасалу жоспарланған перспективалы келісімдер (меморандумдар) туралы мәлімет;

24) Қоғамның есепшоттарындағы ақша қаражатының қалдығы туралы ақпарат.

6. Қоғамның инсайдерлік ақпаратына мыналар жатпайды:

1) бағалы қағаздың (туынды қаржылық құралдар) құнына, Қоғамның мүліктік жағдайына қатысты инвестициялық шешімдер қабылдау және (немесе) бағалы қағаздармен операцияларды жүзеге асыру туралы ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлеу мақсатында жасалған зерттеулерді, болжамдарды және бағалауды қоса алғандағы жалпыға қолжетімді мәліметтер негізінде дайындалған ақпарат;

2) БАҚ-тан алынған ақпарат;

3) көптеген тұлғалар арасында таратылатын, ақпарат көзі белгісіз дәлелденбеген ақпарат, сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ ағымдағы немесе жоспарланған қызметіне қатысты болжамдар;

4) Қоғамның ағымдағы немесе жоспарланып отырған қызметіне қатысты мемлекеттік органдардың ақпараты.

4 Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен мерзімі

7. Корпоративтік жағдайлар туралы, Қоғамның құнды қағаздарын ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын Қоғам қызметіндегі өзгерістер туралы және қаржылық ақпарат листингілік қағидаларға сәйкес Қор биржасы интернет-ресурсында орналастыру жолымен ашылады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде ҚЕД интернет-ресурсында (веб-сайтта) жарияланады.

8. Ашу мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасында (Қағиданың 5-тармағы 19)-24)-тармақшалар) айқындалмаған инсайдерлік ақпарат «Қазақтелеком» АҚ ақпаратын ашу ережесінің талаптарына сәйкес Қор биржасының интернет ресурсында орналастыру жолымен Қоғамның ашуына жатады.

9. Ашуға жататын инсайдерлік ақпарат мазмұнын Қоғам Басқармасының төрағасы (немесе оның орнын алмастырушы) немесе Басқарма төрағасының тиісті бұйрығы бойынша осындай ашуға уәкілетті тұлға хабарлама, хабарландыру мәтінімен хатқа қол қою жолымен бекітеді.

10. Қор биржасының интернет-ресурсында алғашқы орналастырылған (жарияланған) күні инсайдерлік ақпаратты ашу күні болып есептеледі.

5 Қоғамның инсайдерлерін анықтау

11. Қоғамның инсайдерлері ретінде мыналар танылады:

- 1) Директорлар кеңесінің төрағасы және мүшелері;
- 2) Басқарманың төрағасы және мүшелері;
- 3) Қоғамның басқарушы директорлары, Қоғамның бас бухгалтері, корпоративтік хатшысы;
- 4) Қызметінде Қоғамның инсайдерлік ақпаратын пайдаланылатын Қоғамның Орталық аппаратының басшылары мен қызметкерлері;
- 5) Қоғамның дауыс беру акцияларының он немесе одан артық пайызын тура немесе жанама иелену, пайдалану және (немесе) қолдануға байланысты инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар жеке тұлғалар;
- 6) Қоғамның дауыс беру акцияларының он немесе одан артық пайызын тура немесе жанама иелену, пайдалану және (немесе) қолдануға байланысты инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар заңды тұлғалар;
- 7) Қоғамның қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым;
- 8) Қоғамға қызмет көрсететін бағалаушылар, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және жасалған (оның ішінде ауызша) шарт талаптарына сәйкес Қоғамның инсайдерлік ақпаратын ашу көзделген Қоғамға қызмет көрсетуші басқа да тұлғалар (консультанттар, рейтингілік агенттіктер);
- 9) Тізіміне Қоғамның бағалы қағаздары қосылған сауданы ұйымдастырушы;
- 10) Айла-шарғы мақсатында жасалған бағалы қағаздармен мәмілелерді тану мәселелерін қарастыру үшін құрылған қор биржасы сараптама комиссиясының (сауда жүйесінде Қоғамның бағалы қағаздарымен мәмілелер жасалатын) және қор биржасының листингілік комиссиясының, Қор биржасы Директорлар кеңесінің мүшелері;
- 11) бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметіне мемлекеттік бақылау және қадағалау бойынша берілген функцияларға байланысты Қоғамның инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар мемлекеттік қызметкерлер;
- 12) берілген өкілеттіктерге сәйкес Қоғамның инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар Қоғам және осы тармақтың 6) – 9) тармақшаларында көрсетілген ұйымдардың мүшелері болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен өзін-өзі реттейтін ұйымдар;
- 13) қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты Қоғамның инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар осы тармақтың 6) – 9), 12) тармақшаларында көрсетілген лауазымды тұлғалар және ұйымдардың қызметкерлері;
- 14) осы тармақтың 1) – 13) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан инсайдерлік ақпаратты алған тұлғалар.

6 Қоғамның инсайдерлері тізімін жүргізу тәртібі

12. Инсайдерлік ақпаратқа иелік ету және пайдалануға бақылау жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында Қоғам Қоғамның инсайдерлері тізімін жүргізеді және өзекті түрде қолдап отырады – осы Қағидаға 1-қосымша.

13. Қоғам инсайдерлер тізіміне Қағиданың 11-тармағының 1) – 9) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларды ғана енгізеді.

14. Инсайдерлер тізімін қалыптастыруды және өзекті етуді жетекшілік ететін Бас директордың қолы қойылған осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес жауапты бөлімшелер жүзеге асырады.

15. Қоғамның инсайдерлерінің жиынтық тізімін жауапты бөлімшелер Бас қаржы директордың атына ұсынатын Бас директорлардың қолы қойылған қызметтік жазба негізінде ЖҚД жаңа тоқсанның бірінші күніндегі жағдай бойынша тоқсан сайын қалыптастырады.

16. Инсайдерлер туралы ақпаратта мынадай мәлімет болуы қажет:

1) Жеке тұлғаның ТАӘ, оның туған күні немесе заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуін (қайта тіркелуін) растайтын құжаттың деректемелері;

2) электронды пошта адресі, телефон нөмірлері, басқа да байланысу деректері;

3) инсайдерлер тізіміне қосу негіздемесі (Қазақстан Республикасы «Бағалы қағаздар туралы» заңының 56-1-бабы 3-тармағына сәйкес);

4) инсайдерлер тізіміне қосу үшін негіздеменің пайда болу күні;

5) инсайдерлер тізімінен алып тастау күні.

17. Жауапты бөлімшелердің басшылары инсайдерлерден алынған ақпарат негізінде Қағиданың 11-тармағының 1) – 9) тармақшалары бойынша ұсынылатын ақпараттың толықтығына және дұрыстығына, сондай-ақ оны ұсыну мерзімдеріне және инсайдер статусын алу (жоғалту) күні туралы және «тыйым кезеңі» басталуы (аяқталуы) туралы уақытылы хабарлама беруге дербес жауапты.

18. Қағиданың 11-тармағы 1) – 9) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар туралы ақпарат ЖҚД-ға осы Қағидаға 1-қосымшадағы кестеге сәйкес инсайдерлерге хабарлау күндері туралы және өткен есепті кезеңмен салыстырғандағы орын алған өзгерістер туралы мәліметтерді көрсете отырып, есепті тоқсанның бірінші күнінен кешіктірмей жауапты бөлімшелер ұсынады.

19. ЖҚД тоқсан сайын әрбір күнтізбелік тоқсан аяқталғаннан кейін жиырма күнтізбелік күн ішінде көрсетілген тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша Қоғамның инсайдерлерінің тізімін қалыптастырады, онда сонымен қатар өткен есепті кезеңмен салыстырғандағы орын алған өзгерістер туралы ақпарат болады.

20. Қоғам Басқармасы төрағасы қол қойған Қоғамның инсайдерлерінің жиынтық тізімі күнтізбелік тоқсан аяқталғаннан кейін жиырма бес күнтізбелік күннен кешіктірілмей Қор биржасы белгілеген тәртіпте Қор биржасына ұсынылады.

21. Қоғамның инсайдерлерінің жиынтық тізімдері ЖКД-да 5 жыл бойы сақталады.

22. Қағиданың 15-тармағында белгіленген жаңарту мерзіміне дейінгі кезеңде инсайдерлер тізімін өзгерту үшін негіздеме пайда болған жағдайда (инсайдер статусын алу немесе жоғалту) жауапты бөлімше кезек күттірместен ЖКД-ға тоқсан сайын берілетін ақпаратқа тиісті өзгерістерді енгізеді және аталған өзгерістерді оларды өзгертуге негіздеме белгіленген сәттен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей жетекшілік ететін Бас директормен келіседі.

7 Қоғамның инсайдерлері мәртебесін алу және жоғалту туралы тұлғаларға хабарлау тәртібі мен мерзімдері

23. Жауапты бөлімше тиісті жеке және заңды тұлғаларға Қоғамның инсайдері статусын алғаны (жоғалтқаны) туралы жетекшілік ететін Бас директормен қызметтік жазбаны келісу сәтінен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлайды.

24. Жауапты бөлімше инсайдерлерге хабарлама жібергеннен кейін хабарламалар күндері туралы ақпаратты тоқсан сайын ЖКД-ға ұсынылатын инсайдерлер тізіміне қосады.

25. Тұлғаға хабарлама (осы Қағидаға 3-қосымша) инсайдердің тізімде көрсетілген электронды адресіне жолданады.

8 Қоғамның инсайдерлері болып табылатын ұйымдардың Қоғамға ақпарат ұсыну тәртібі мен мерзімдері

26. Қағиданың 11-тармағы 6) – 9), 12) тармақшаларында көрсетілген ұйымдар мыналарды орындауға міндетті:

1) аталған заңды тұлғалар оған қатысты инсайдер болып танылған Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты рұқсаты бар өз қызметкерлерінің тізімін жүргізу;

2) Қоғамға қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Қоғамның инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар өзінің қызметкерлері туралы хабарлау;

3) қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Қоғамның инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар өзінің қызметкерлерін Қоғамның инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салу бөлігінде Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнама талаптары мен осы Қағида талаптары туралы хабардар ету;

27. Қағиданың 11-тармағының 6) – 9), 12) тармақшаларында көрсетілген ұйымдар Қоғамның инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салу бөлігінде Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын сақтамағаны үшін, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қоғамның инсайдерлік

ақпаратына қызметкерлерге (лауазымды тұлғаларды қосқанда) рұқсат беру және / немесе тыйым салу туралы уақытылы хабарламағаны үшін жауапты болады.

9 Қоғамның инсайдерлік ақпаратына рұқсатты және Қоғамның инсайдерлік ақпаратын пайдалануды реттеу

28. Қоғамның инсайдерлеріне мыналарға тыйым салынады:

1) бағалы қағаздар нарығында қалыптасқан жағдайға, сондай-ақ нарықтың Қоғам туралы немесе Қоғамның бағалы қағаздарының болашақтағы бағасына ықпал ету мақсатында Қоғам туралы қате немесе бұрмаланған мәлімет таратуға;

2) бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында Қоғамның бағалы қағаздарымен мәмілелер жасауға;

3) Қоғамның инсайдерлік ақпаратын пайдалану жолымен Қоғамның бағалы қағаздарымен мәмілелер жасау;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда Қоғамның инсайдерлік ақпаратын үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге немесе үшінші тұлғаларға беруге;

5) үшінші тұлғаларға Қоғамның инсайдерлік ақпаратына негізделген Қоғамның бағалы қағаздарымен мәмілелер жасау туралы ұсынымдар беруге.

Аталған іс-әрекеттер Қоғамдағы мүдделер қақтығысы ретінде сипатталады және «Қазақтелеком» АҚ мүдделер қақтығысын реттеу саясатының 6-бөлімінің талаптарына сәйкес реттелуге жатады.

29. Орталық аппараттың тиісті құрылымдық бөлімшелерінің бастамасы бойынша Қоғамда инсайдерлік ақпаратқа қатысты «тыйым кезеңі» енгізіледі:

1) Акционерлердің жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі Қоғамның акциялары, олармен жасалған мәмілелер және Қоғам акционерлеріне дивидендтер төлеу туралы ақпараты бар мәселелер тізбесі бойынша қабылдаған шешімдері (ЖҚД, Хатшылық);

2) Қоғамның бағалы қағаздарды шығаруы және Қаржы нарығын бақылау комитетінің Қоғамның бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есептерді, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерді бекітуі, Қаржы нарығын бақылау комитетінің Қоғамның бағалы қағаздарын жоюы (ЖҚД);

3) егер мәміле мәні болып табылатын мүліктің құны Қоғам активтерінің бес және одан артық пайызын құрайтын жағдайда, Қоғамның ірі мәмілелерді, сондай-ақ жасалуында Қоғамның мүддесі бар мәмілелерді жасауы (мәмілені жасауды бастамаға алатын бөлімше);

4) Қоғамның заңды тұлғаны құруға қатысуы /оның қызметіне қатысуды тоқтауы (САБК);

5) Қоғамның қаржылық есептілігі (БЕЕД);

30. «Тыйым кезеңінің» ұзақтығы:

1) қаржылық есептілікке қатысты – есепті тоқсаннан кейінгі тоқсанның бірінші күнінен бастап Қор биржасына тоқсанның/жарты жылдың/жылдың қорытындылары туралы хабарлама жіберген сәтке дейін;

2) Қағиданың 29-тармағы 1) – 4) тармақшаларында көрсетілген ақпаратқа қатысты – Қоғамның тиісті құрылымдық бөлімшесінің Қоғам органы шешімі жобасын бастамаға алған сәттен бастап осы Қағиданың 7, 8-тармақтарына сәйкес ақпаратты ашу сәтіне дейін.

31. «Тыйым кезеңін» енгізу және аяқталуы туралы бастамашы бөлімше кезек күттірместен Хатшылық пен ЖЖБД-ға хабарлайды.

32. Қағиданың 11-тармағы 1) -3) тармақшаларында көрсетілген инсайдерлерге «тыйым кезеңінің» басталуы және аяқталуы туралы хабарлауды Қоғам атынан Хатшылық және ЖЖБД Қағиданың 29-тармағында белгіленген «тыйым кезеңінің» бастамашы бөлімшесінің атынан тиісті қызметтік жазба алғаннан кейін екі күннен кешіктірмей тізімде көрсетілген инсайдердің электронды адресіне хабарлама (осы Қағидаға 4-қосымша) жіберу арқылы жүзеге асырады;

33. Қағиданың 11-тармағының 1) – 4) тармақшаларында көрсетілген Қоғамның инсайдерлеріне «тыйым кезеңінде» Директорлар кеңесінің алдын ала келісімімен жасалатын мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның бағалы қағаздарымен мәміле жасауға тыйым салынады.

34. Ерекше жағдайларда инсайдер «тыйым кезеңі» ішінде Қоғамның акцияларымен мәміле жасауға алдын ала келісім алу жөнінде Қоғамның Директорлар кеңесіне өтініш жасауға құқылы. Бұл ретте Директорлар кеңесі мыналарды қарауы тиіс:

1) мәміленің мазмұны (мәміле түрі: сатып алу, сату, опцион және т.б., мәміле бағасының нарықтық бағаларға сай болуы, мәмілені жасау мерзімі);

2) мәміле жасау мақсаттары және «тыйым кезеңі» оны жасау қажеттілігінің себептері;

3) мәміле Қоғамның инсайдерлік ақпаратын пайдалану жолымен немесе бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы мақсатында жүзеге асырылуына негіздің болуы немесе болмауы;

4) жасалып жатқан мәміле Қоғам акцияларының құны мен жалпы нарыққа қаншалықты әсер ету мүмкіндігі,

және Директорлар кеңесі мақұлданған шарттарда мәміле жасауға рұқсат ету немесе мәмілеге тыйым салу туралы шешім қабылдауы.

35. Қағиданың 11-тармағы 1) – 3) тармақшаларында көрсетілген Қоғамның инсайдерлері Қоғамның бағалы қағаздарымен «тыйым кезеңінде» мәміле жасаған жағдайда, мәміле жасалған сәттен бастап 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей Қоғамның Бас қаржы директорының атына жасалған нгмәміле туралы есеп беруі тиіс.

36. Инсайдерлік ақпарат қолданылатын Қоғамның Орталық аппараты құрылымдық бөлімшелерінің басшылары коммерциялық құпияға сәйкес режімді сақтауды және осындай ақпарат қызметтік міндетін атқаруға қажет емес қызметкерлердің осындай ақпаратқа қолжетімділігін шектеу бойынша қажетті шараларды қабылдауды қамтамасыз етуі тиіс.

37. Қоғамның инсайдерлеріне қоғамдық орындарда инсайдерлік ақпаратқа қатысты әңгіме қозғамауы тиіс.

38. Инсайдерлік ақпаратты рұқсатсыз ашу қаупі төнгенде немесе фактісі орын алған жағдайда, болмаса инсайдерлік ақпарат жеткізгіштерін (қағаз, электронды және т.с.с.) жоғалтқан жағдайда, Қоғамның қызметкері өзінің тікелей басшысына дереу хабарлауы тиіс, соңғысы Қоғамның Бас қаржы директорына қызметтік жазбамен хабарлайды.

10 Қоғамның инсайдерлік ақпаратын заңсыз пайдалануды бақылау

39. Инсайдерлердің Қағиданы сақтауын бақылау мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

1) «Қазақтелеком» АҚ мүдделер қақтығысын реттеу саясатының қағидаттарын мүлтіксіз сақтау;

2) инсайдерлерді Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарымен және осы Қағидамен таныстыру;

3) Қоғамның акционерлері тізімін өзекті ету;

4) Қағиданың 11-тармағы 1) – 3) тармақшаларында көрсетілген инсайдерлерге «тыйым кезеңінің» басталуы және аяқталуы туралы хабарлау;

5) Қағиданың 11-тармағы 1) – 3) тармақшаларында көрсетілген инсайдерлерден «тыйым кезеңінде» Қоғамның акцияларымен мәміле жасауы кезінде есеп беруін талап ету;

6) Қағидада тыйым салынған әрекеттерді жасаған жағдайда Қағиданың 11-тармағы 1) – 4) тармақшаларында көрсетілген инсайдерлерге қатысты Директорлар кеңесінің немесе Басқарма төрағасының шаралар қабылдауы;

40. Қоғамы инсайдерлердің осы Қағиданы бұзғаны туралы ақпарат алған кезде Басқарма төрағасы немесе Директорлар кеңесі берілген өкілеттіктер шегінде инсайдерге қатысты қолданылуы тиіс мынадай шаралар туралы шешім қабылдайды (бірақ олармен шектелмейді):

1) алдағы уақытта Қағиданы бұзуға жол бермеуді талап ету;

2) Қағиданың сақталуын бақылауды күшейту;

3) Қоғамның бағалы қағаздарымен мәміле туралы ақпаратты бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану мақсатында Қаржы нарығын бақылау комитетіне ақпарат жолдау;

4) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес қолданылуы мүмкін жағдайларда тәртіптік жаза шараларын қолдану;

5) инсайдердің әрекеті салдарынан Қоғамға келтірген материалдық залалды және /немесе Қоғамның беделіне келтірген зиянды өтеу туралы талап ету;

6) қылмыстық із қозғау үшін құқық қорғау органдарына іс материалдарын жолдау (қылмыстық белгілер болған жағдайда);

7) өзге де заңды шаралар.

41. Қоғам бағалы қағаздар нарығында Қоғамның инсайдерлік ақпаратын пайдалануға немесе ақпараттың рұқсатсыз шығуына байланысты, болмаса бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында іс-әрекет жасалып жатқаны туралы ақпарат алған жағдайда, Басқарма төрағасы немесе Директорлар кеңесі берілген өкілеттіктер шегінде мынадай шешім қабылдай алады (бірақ мұнымен шектелмейді):

- 1) кінәлі тұлғаларды немесе ақпараттың сыртқа шығу көзін анықтау туралы қызметтік тексеру жүргізу;
- 2) нақты жағдай туралы Қоғамның баспасөз хабарламасын шығару;
- 3) тиісті биржаға, құқық қорғау немесе сот органдарына өтініш беру;
- 4) өзге де заңды шаралар.

11 Қорытынды ережелер

42. Осы Қағидамен танысқан Қоғам инсайдерлері мыналарға келісімін береді:

1) осы Қағиданың талаптарын сақтамау лауазымды тұлғаның немесе Қоғам қызметкерінің қызметтік міндеттемелері мен жеке мүдделері арасындағы қақтығысқа әкелуі және Қоғамның материалдық жағдайына немесе беделіне нұқсан келтіруі мүмкін. Бұл «Қазақтелеком» АҚ мүдделер қақтығысын реттеу саясатының талаптарын орындау бойынша өзіне алған міндеттемелерді бұзу болып табылады;

2) осы Қағиданы сақтамағаны және бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында, соның ішінде Қоғамның инсайдерлік ақпаратын пайдалана отырып мәмілелер жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген және/немесе аумағында Қоғамның бағалы қағаздарымен мәміле жүргізілген елдің заңнамасында көзделген жауапкершілікті көтереді;

3) Қоғам Қаржы нарығын бақылау комитетіне және/немесе Қор биржасына инсайдерлер және олар жүргізген мәмілелер туралы ақпаратты ұсынуға құқылы.

43. Осы Қағидамен реттелмеген басқа да мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес шешіледі.

44. Осы Қағида Қоғам Директорлар кеңесі оны бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

«Қазақтелеком» АҚ
инсайдерлік ақпаратына иелік ету және
пайдалануға ішкі бақылау жүргізу
қағидасына 1-қосымша

«Қазақтелеком» АҚ инсайдерлері тізімі

Жасалған күні

Жаңартылған күні

Инсайдерлер тізімін жүргізуге жауапты тұлға

№№	Жеке тұлғаның аты-жөні, туған жылы / Заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері, мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) растайтын құжаттың деректемелері,	Электронды поштаның адресі, телефон нөмірлері, басқа да байланыс телефондары	Инсайдерлер тізіміне қосу негіздемесі (Қазақстан Республикасы «Бағалы қағаздар туралы» заңының 56-1 бабы 3-тармағына сәйкес)	Инсайдерлер тізіміне қосу негіздемесі пайда болған күн	Инсайдерлер тізімінен шығарылған күн	Тізімге қосылғаны (шығарылған ы) туралы инсайдерлерг е хабарланған күн
1	2	3	4	5	6	7

Тізімге қол қойған лауазым

Қолы

Күні

«Қазақтелеком» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік ету және пайдалануға ішкі бақылау жүргізу қағидасына
2-қосымша

Жауапты бөлімшелердің Қоғам инсайдерлері тізімін жасау бойынша міндеттемелерін бөліп жүктеу кестесі

ІІ- тармағы тармақша	Қоғам инсайдерлері	Жауапты бөлімше
Хатшылық ұсынатын инсайдерлер тізімі		
1-тт.	Төраға және Директорлар кеңесінің мүшелері туралы ақпарат	Хатшылық
4-тт.	Қоғамның дауыс беруші акцияларының он және одан да көп пайызына ие акционерлер құрамының өзгерісі туралы мәліметтерге рұқсаты бар бөлімше басшысы мен қызметкерлері туралы ақпарат	Хатшылық
6-тт.	Қоғам дауыс беруші акцияларының он немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама иелену, пайдалану және (немесе) қолдануына қарай инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар заңды тұлғалар туралы ақпарат	Хатшылық
Бас директор – Аппарат басшысы қол қоятын инсайдерлер тізімі		
4-тт.	Қоғамның жылжымайтын мүлігін Қоғам активтерінің он және одан көп пайызын құрайтын сомаға кепілге беру (қайта кепілге беру) туралы мәліметтерге рұқсаты бар бөлімше басшысы мен қызметкерлері туралы ақпарат	ЖБАҚ

4-тт.	<p>Мына мәліметтерге рұқсаты бар бөлімше басшысы мен қызметкерлері туралы ақпарат:</p> <p>1) Қоғамның қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға лицензиялар алуы туралы, Қоғамның қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға бұған дейін алған лицензияларын тоқтата тұруы немесе мүлдем тоқтатуы туралы</p> <p>2) Қоғам мүлігіне тыйым салу;</p> <p>3) Қоғамды және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы;</p> <p>4) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы;</p> <p>5) Қоғамды еріксіз түрде қайта ұйымдастыру туралы;</p> <p>6) Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы</p>	ЗД
Стратегиялық басқару жөніндегі бас директор қол қоятын инсайдерлер тізімі		
2-тт.	Төраға және Басқарма мүшелері туралы ақпарат	ҚБДД
3-тт.	Басқарушы директорлар, бас бухгалтер, корпоративтік хатшы туралы ақпарат	ҚБДД
4-тт.	Перспективалы жобалар туралы мәліметтерге рұқсаты бар бөлімше басшысы мен қызметкерлері туралы ақпарат	ЖҚСДД
4-тт.	Қоғамның стратегиялық бағыттары туралы мәліметтерге рұқсаты бар бөлімше басшысы мен қызметкерлері туралы ақпарат	СДҚ
4-тт.	Егер мәміленің мәні болып табылатын мүліктің құны Қоғам активтерінің бес және одан көп пайызын құраса (жетекшілік ететін бөлімше тиісті мәмілені жасау бойынша жұмысқа бастама жасаса), Қоғамның ірі мәмілелер жасағандығы, сондай-ақ жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер туралы мәліметтерге рұқсаты бар бөлімше басшысы мен қызметкері туралы ақпарат	Жетекшілік ететін бөлімше
4-тт.	Даму жоспарына рұқсаты бар бөлімше басшысы мен қызметкерлері туралы ақпарат (лауазымдық міндеттемелеріне қарай)	Жетекшілік ететін бөлімше

8-тт.	Қоғамның инсайдерлік ақпаратын ашу көзделген шартқа сәйкес (оның ішінде ауызша жасалған) Қоғамға қызмет көрсететін бағалаушы мен басқа да тұлғалар туралы (кеңесшілер, рейтингілік агенттіктер) ақпарат	СБҚ және КБҚ
Бас коммерциялық директор қол қоятын инсайдерлердің тізімі		
4-тт.	Табиғи монополиялар саласындағы қызметтерді қоспағанда, есептеу әдістері, қызметтер тарифтерінің (бағаларының) құрылымы туралы мәліметтерге рұқсаты бар бөлімшенің басшысы мен қызметкерлері туралы ақпарат	ТД
4-тт.	Байланыс операторларымен жасасу жоспарланған перспективалы келісімдер (меморандумдар) туралы мәліметтерге рұқсаты бар бөлімшенің басшысы мен қызметкерлері туралы ақпарат	БОҚД, ХҚД
4-тт.	Егер мәміленің мәні болып табылатын мүліктің құны Қоғам активтерінің бес және одан көп пайызын құраса (жетекшілік ететін бөлімше тиісті мәмілені жасау бойынша жұмысқа бастама жасаса), Қоғамның ірі мәмілелер жасағандығы, сондай-ақ жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер туралы мәліметтерге рұқсаты бар бөлімше басшысы мен қызметкері туралы ақпарат	Жетекшілік ететін бөлімше
4-тт.	Даму жоспарына рұқсаты бар бөлімшенің басшысы мен қызметкерлері туралы (лауазымдық міндеттемелеріне қарай)	Жетекшілік ететін бөлімше
Бас техникалық директор қол қоятын инсайдерлер тізімі		
4-тт.	Қоғамның қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға лицензиялар алуы туралы, Қоғамның қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға бұған дейін алған лицензияларын тоқтата тұруы немесе мүлдем тоқтатуы туралы мәліметтерге рұқсаты бар бөлімшенің басшысы мен қызметкерлері туралы ақпарат	ТЖТҚД
4-тт.	Баланстық құны Қоғам активтері жалпы көлемінің он және одан көп пайызын құрайтын Қоғам мүлігінің жойылуына әкелген, төтенше сипаттағы жағдайлар туындағаны туралы мәліметтерге рұқсаты бар бөлімшенің басшысы мен қызметкерлері туралы ақпарат	ПД

4-тт.	Егер мәміленің мәні болып табылатын мүліктің құны Қоғам активтерінің бес және одан көп пайызын құраса (жетекшілік ететін бөлімше тиісті мәмілені жасау бойынша жұмысқа бастама жасаса), Қоғамның ірі мәмілелер жасағандығы, сондай-ақ жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер туралы мәліметтерге рұқсаты бар бөлімше басшысы мен қызметкері туралы ақпарат	Жетекшілік ететін бөлімше
4-тт.	Даму жоспарына рұқсаты бар бөлімшенің басшысы мен қызметкерлері туралы (лауазымдық міндеттемелеріне қарай)	Жетекшілік ететін бөлімше
Ақпараттық технологиялар жөніндегі бас директор қол қоятын инсайдерлер тізімі		
4-тт.	Қоғамның қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға лицензиялар алуы туралы, Қоғамның қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға бұған дейін алған лицензияларын тоқтата тұруы немесе мүлдем тоқтатуы туралы мәліметтерге рұқсаты бар бөлімшенің басшысы мен қызметкерлері туралы ақпарат	ИЖҚҚ
4-тт.	Егер мәміленің мәні болып табылатын мүліктің құны Қоғам активтерінің бес және одан көп пайызын құраса (жетекшілік ететін бөлімше тиісті мәмілені жасау бойынша жұмысқа бастама жасаса), Қоғамның ірі мәмілелер жасағандығы, сондай-ақ жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер туралы мәліметтерге рұқсаты бар бөлімше басшысы мен қызметкері туралы ақпарат	Жетекшілік ететін бөлімше
4-тт.	Даму жоспарына рұқсаты бар бөлімшенің басшысы мен қызметкерлері туралы (лауазымдық міндеттемелеріне қарай)	Жетекшілік ететін бөлімше
Бас қаржы директоры қол қоятын инсайдерлер тізімі		
4-тт.	Мына мәліметтерге рұқсаты бар бөлімшенің басшысы мен қызметкерлері туралы ақпарат: 1) Қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы/ қызметіне қатысуды тоқтатуы туралы; 2) еншілес және тәуелді компаниялардың қайта құрылғаны немесе жойылғаны, акцияларының (үлестерінің,	САБҚ

	<p>жарналарының) он және одан көп пайызы Қоғамға тиесілі ұйымдардың тізіміндегі өзгерістер туралы;</p> <p>3) Егер мәміленің мәні болып табылатын мүліктің құны Қоғам активтерінің бес және одан көп пайызын құраса (бөлімше тиісті мәмілені жасау бойынша жұмысқа бастама жасаған жағдайда), Қоғамның ірі мәмілелер жасағандығы, сондай-ақ жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер туралы мәліметтерге рұқсаты бар бөлімше басшысы мен қызметкері туралы ақпарат</p>	
4-тт.	<p>Мына мәліметтерге рұқсаты бар бөлімшенің басшысы мен қызметкерлері туралы ақпарат:</p> <p>1) Қоғамның бағалы қағаздары және олармен жасалған мәмілелер, дивидендтер төлемі туралы ақпараттан тұратын мәселелер тізбесі бойынша Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер туралы;</p> <p>2) Қоғамның акциялар мен басқа бағалы қағаздар шығарғаны және Қаржы нарығын бақылау комитетінің Қор бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерді, Қор бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерді бекітуі және Қаржы нарығын бақылау комитетінің Қоғам бағалы қағаздары күшін жоюы туралы;</p> <p>3) Қоғам мүлігін (жылжымайтын мүліктен басқасын) Қоғам активтерінің он және одан көп пайызын құрайтын сомаға кепілдікке (қайта кепілдік) беру туралы;</p> <p>4) Қоғамның меншікті капиталы көлемінің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын көлемде заем алуы туралы;</p> <p>5) Қоғамның дауыс беруші акцияларының он және одан көп пайызына ие акционерлер құрамының өзгерісі туралы;</p> <p>6) Қоғамның мемлекеттік облигациялар шығару проспектісінде көзделген шталаптарды орындамауы, Қоғам жіберген дефолт фактілері туралы ақпарат</p>	ЖҚД
4-тт.	<p>Қоғамның қаржы есептілігіне рұқсаты бар бөлімшенің басшысы мен қызметкерлері туралы ақпарат</p>	БЕЕД
4-тт.	<p>Мына мәліметтерге рұқсаты бар бөлімшенің басшысы мен қызметкерлері туралы ақпарат:</p> <p>1) баланстық құны Қоғам активтері жалпы көлемінің он және одан көп пайызын құрайтын Қоғам мүлігінің</p>	ҚД

	жойылуына әкелген, төтенше сипаттағы жағдайлар туындағаны туралы 2) Қоғам есебіндегі қаржылай қаражат қалдық туралы	
4-тт.	Даму жоспарына рұқсаты бар бөлімшенің басшысы мен қызметкерлері туралы (лауазымдық міндеттемелеріне қарай)	Жетекшілік ететін бөлімше
5-тт.	Қоғам дауыс беруші акцияларының он немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама иелену, пайдалану және (немесе) қолдануына қарай инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар заңды тұлғалар туралы ақпарат	ЖҚД
7-тт.	Қоғамның қаржы есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйым туралы ақпарат	БЕЕД
8-тт.	Қоғамның инсайдерлік ақпаратын ашу көзделген шартқа сәйкес (оның ішінде ауызша жасалған) Қоғамға қызмет көрсететін бағалаушы туралы ақпарат	САБҚ
8-тт.	Қоғамның инсайдерлік ақпаратын ашу көзделген шартқа сәйкес (оның ішінде ауызша жасалған) Қоғамға қызмет көрсететін бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары мен басқа да тұлғалар (кеңесшілер, рейтингтік агенттіктер) туралы ақпарат	ЖҚД, САБҚ
9-тт.	Тізіміне Қоғам акциялары қосылған сауда ұйымдастырушысы туралы ақпарат	ЖҚД

«Қазақтелеком» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік ету және пайдалануға ішкі бақылау жүргізу қағидасына
3-қосымша

**Жеке және заңды тұлғаны
«Қазақтелеком» АҚ инсайдері мәртебесін алғаны туралы
хабарландыру**

Осымен «Қазақтелеком» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар туралы» заңы 56-1 бабы 3-тармағы ___ тармақшасына (инсайдердің мәртебесіне сәйкес) сәйкес, 20___ жылғы «___» _____ бастап сіз Қоғам инсайдері болып танылатыныңызды хабарлайды. Осының негізінде сіз Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар туралы» заңын қоса алғанда, Қоғамның инсайдерлік ақпаратын пайдалануға / жариялауға қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының, сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ инсайдерлік ақпаратын қолдануды және пайдалануды ішкі бақылау қағидасының (Қоғамның www.telecom.kz веб-сайтында орналастырылған) талаптарын сақтауға, соның ішінде мыналарға міндеттісіз:

1) бағалы қағаздар нарығында қалыптасқан жағдайға, сондай-ақ Қоғам немесе Қоғам бағалы қағаздарының келешектегі бағасы туралы нарықтың пікіріне ықпал ету мақсатында Қоғам туралы дәйексіз немесе бұрмаланған мәліметтер таратпауға;

2) бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы әрекетін жасау мақсатында Қоғамның бағалы қағаздарымен мәмілелер жасамауға;

3) Қоғамның инсайдерлік ақпаратын пайдалану арқылы Қоғам бағалы қағаздарымен мәмілелер жасамауға;

4) Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның инсайдерлік ақпаратын үшінші тұлғаларға бермеуге немесе үшінші тұлғаларға қолжетімді етпеуге;

5) үшінші тұлғаларға Қоғамның инсайдерлік ақпаратына негізделген, Қоғам бағалы қағаздарымен мәмілелер жасау туралы ұсынымдар бермеуге.

Сонымен қатар, сіз Қазақстан Республикасы заңнамаларының және / немесе «Қазақтелеком» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік ету және пайдалануға ішкі бақылау жүргізу қағидасының талаптарын бұзғаныңыз үшін, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартыласыз.

«Қазақтелеком» АҚ инсайдерлік
ақпаратына иелік ету және пайдалануға
ішкі бақылау жүргізу қағидасына
4-қосымша

**Инсайдерді «Қазақтелеком» АҚ-да
«тыйым кезеңі» басталғаны (аяқталғаны) туралы
хабарландыру**

Осымен «Қазақтелеком» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) 20__ жылғы «__» _____ бастап «Қазақтелеком» АҚ-да «тыйым кезеңі» басталғаны / аяқталғаны (*кергі қалдырылады*) туралы хабарлайды.

Қоғам Директорлар кеңесінің алдын ала келісімімен жасалған мәмілелерді қоспағанда, «тыйым кезеңінде» Қоғамның акцияларымен мәмілелер жасауға рұқсат етілмейді.

«Тыйым кезеңінде» Қоғам акцияларымен мәмілелер жасауға Қоғам Директорлар кеңесінің алдын ала келісімі болған жағдайда, мәміле жасалғаннан кейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей жасалған мәміле туралы есепті Қоғамның бас қаржы директорының атына жіберу қажет.

Қазақстан Республикасы заңнамаларының және / немесе «Қазақтелеком» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік ету және пайдалануға ішкі бақылау жүргізу қағидасының талаптарын бұзғаны үшін, инсайдер Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

**«Қазақтелеком» АҚ инсайдерлік ақпаратына
иелік ету және пайдалануға ішкі бақылау жүргізу
қағидасына өзгерістер мен толықтырулар енгізді мақұлдау туралы**

1. 4-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

7) жауапты бөлімше - Өзіне жүктелген міндеттеріне сәйкес Қоғамның инсайдерлерімен іс-қимыл жасайтын және / немесе осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес қызметкерлері Қоғамның инсайдерлеріне жататын Қоғамның Орталық аппаратының құрылымдық бөлімшесі, Корпоративтік бизнес жөніндегі дивизион, Бөлшек бизнес жөніндегі дивизион;"

2. 4-тармақтың 9), 12), 13) тармақшалары алынып тасталсын.

3. 4-тармақ мынадай мазмұндағы 30), 31) тармақшалармен толықтырылсын:

«30) КБД - Корпоративтік бизнес жөніндегі дивизион;

31) ББД - Бөлшек бизнес жөніндегі дивизион».

4. 4-тармақтың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

ИТДД- инновациалық-технологиялық даму Департаменті.

5. 11-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Қызметінде Қоғамның инсайдерлік ақпаратын пайдаланатын Қоғамның Орталық аппараты құрылымдық бөлімшелерінің, Корпоративтік бизнес жөніндегі дивизионның, Бөлшек бизнес жөніндегі дивизионның басшылары және қызметкерлері;».

6. 36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«36. Инсайдерлік ақпарат пайдаланылатын Қоғамның Орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің, Корпоративтік бизнес жөніндегі дивизионның, Бөлшек бизнес жөніндегі дивизионның басшылары коммерциялық құпияға сәйкес келетін режимнің сақталуын қамтамасыз етуге және осы ақпаратқа мұқтаж емес қызметкерлерге мұндай ақпаратқа қол жеткізуді шектеу үшін қажетті шараларды қабылдауға міндетті.».

7. «Қазақтелеком» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік ету және пайдалануға ішкі бақылау жүргізу қағидасына 2-қосымшада:

1) бас коммерциялық директор қол қойған инсайдерлердің тізімі мынадай редакцияда жазылсын:

Корпоративтік сегмент жөніндегі бас директор - КБД бас директоры және Бөлшек сегмент жөніндегі бас директор - ББД бас директоры қол қойған инсайдерлер тізімі		
4-т.	Перспективалы жобалар туралы мәліметтерге рұқсаты бар бөлімше басшысы мен қызметкерлері туралы ақпарат	КБД, ББД
4-т.	Табиғи монополиялар саласындағы қызметтерді қоспағанда, есептеу әдістері, қызметтер тарифтерінің (бағаларының) құрылымы туралы мәліметтерге рұқсаты бар бөлімшенің басшысы мен қызметкерлері туралы ақпарат	КБД, ББД

4-т.	Байланыс операторларымен жасасу жоспарланған перспективалы келісімдер (меморандумдар) туралы мәліметтерге рұқсаты бар бөлімшенің басшысы мен қызметкерлері туралы ақпарат	КБД, ББД
4-т.	Егер мәміленің мәні болып табылатын мүліктің құны Қоғам активтерінің бес және одан көп пайызын құраса (жетекшілік ететін бөлімше тиісті мәмілені жасау бойынша жұмысқа бастама жасаса), Қоғамның ірі мәмілелер жасағандығы, сондай-ақ жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер туралы мәліметтерге рұқсаты бар бөлімше басшысы мен қызметкерлері туралы ақпарат	Жетекшілік ететін бөлімше
4-т.	Даму жоспарына рұқсаты бар бөлімшенің басшысы мен қызметкерлері туралы (лауазымдық міндеттемелеріне қарай)	Жетекшілік ететін бөлімше

2) Бас директор - Аппарат басшысы қолы қоятын инсайдерлер тізімі алынып тасталсын;

3) Әкімшілік мәселелер жөніндегі басқарушы директор қол қоятын мынадай инсайдерлер тізімімен толықтырылсын:

	Әкімшілік мәселелер жөніндегі басқарушы директор қол қоятын инсайдерлер тізімі	
4-т.	Қоғам активтерінің он және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Қоғамның жылжымайтын мүлкін кепілге беру (қайта кепілге беру) туралы ақпаратқа қол жеткізе алатын бөлімшенің басшысы мен қызметкерлері туралы ақпарат	ЖМБАҚ

4) Құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор - Заң департаментінің директоры қол қоятын мынадай инсайдерлер тізімімен толықтырылсын:

	Құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор - Заң департаментінің директоры қол қоятын инсайдерлер тізімі	
4-т.	Мынадай мәліметтерге қол жеткізе алатын бөлімше басшысы және қызметкерлері туралы ақпарат: 1) Қоғамның қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруға лицензиялар алуы, Қоғамның ілгері уақытта қандай да бір қызмет түрін жүзеге асырына берілген лицензиясының қолданысын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы; 2) Қоғам мүлкіне тыйым салу туралы; 3) Қоғамды және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы; 4) сотта корпоративтік даулар бойынша іс қозғау туралы; 5) Қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы; 6) Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату	ЗД

5) Басқарушы директор - Қызметкерлерді басқару және дамыту департаментінің директоры қол қоятын мынадай инсайдерлер тізімімен толықтырылсын:

Басқарушы директор - Қызметкерлерді басқару және дамыту департаментінің директоры қол қоятын инсайдерлер тізімі		
2-т.	Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелері туралы ақпарат	ҚБДД
3-т.	Басқарушы директорлар, бас бухгалтер, корпоративтік хатшы туралы ақпарат	ҚБДД

6) Стратегиялық басқару жөніндегі бас директор қол қоятын инсайдерлер тізімінде мынадай мазмұндағы жолдар алынып тасталсын:

2-т.	Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелері туралы ақпарат	ҚБДД
3-т.	Басқарушы директор, бас бухгалтер, корпоративтік хатшы туралы ақпарат	ҚБДД

7) бас қаржы директоры қол қоятын инсайдерлер тізімінде мына жол:

8-т.	Жасалған шартқа (соның ішінде ауызша) сәйкес, шарт талаптарында Қоғамның инсайдерлік ақпаратын ашу көзделген, Қоғамға қызмет көрсететін бағалаушы туралы ақпарат	САБҚ
------	--	------

мынадай редакцияда жазылсын:

8-т.	Жасалған шартқа (соның ішінде ауызша) сәйкес, шарт талаптарында Қоғамның инсайдерлік ақпаратын ашу көзделген, Қоғамға қызмет көрсететін бағалаушы туралы ақпарат	Жетекшілік ететін бөлімше
------	--	---------------------------